

## КӘРІМ МЫҢБАЕВ

Кәрім Мыңбаев (15.8.1906, қазіргі Қарағанды облысы Нұра ауданы Ивановка (қазіргі – Кәрім Мыңбаев) ауылы – 30.9.1948, Алматы) – қоғам қайраткері, ғалым, биология ғылымдарының докторы (1944), Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі (1946).

Орта Азия мақта-ирригация институтын бітірген (1932). 1932-36 жылдары Қазақ ауыл шаруашылық институтында және Алматы селекция станциясында ғылыми-педогогикалық жұмыстарда болды. 1936-1942 жылдары Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында (Ленинград) аспирант, академик Н.И.Вавиловтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғап, сол институттың каучукті өсімдіктер бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

1942-1944 жылдары ҚазКСР Жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, 1944 жылдан өмірінің соңына дейін Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы академиясы Шығыс бөлімшесінің (ВАСХНИЛ) Қазақ бөлімшесі Төралқасының төрағасы болды, Қазақ ауыл шаруашылық институтында Өсімдіктер селекциясы және генетикасы кафедрасын, ҚазМУ-де Дарвинизм кафедрасын басқарды. Сондай-ақ оның басшылығымен Алматы облысы Жамбыл ауданында тәжірибе танабы мен Ақмола облысындағы Шортанды ауыл шаруашылық тәжірибе станция ұйымдастырылды.

Негізгі ғылыми еңбектері өсімдіктер генетикасы мен селекциясына арналған. Мыңбаев көксағыздың биологиялық ерекшеліктерін зерттеп, оны сұрыптау әдістерін тапты. Дәнді дақылдар, оның ішінде бидайдың өнімділігін арттыру үшін оны тек суармалы жерлерде ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік, Шығыс Қазақстан облыстарының тәлімі жерлерінде де егуге болатынын дәлелдеді. Сондай-ақ Мыңбаев Қазақстанда қант қызылшасы мен кендірді биологиялық-селекциялық жағынан ғылыми тұрғыда сипаттаған алғашқы ғалым болып саналады.

XX ғасырда Қазақстан ғылымы қалыптасып, ұлттық ғылыми кадрлар жаңа өсіп келе жатқан заманда өзінің дархан дарынымен көпті сүйсіндірген қазақтың биология ғылымының тұңғыш докторы. Болашақ ғалым 1906 жылғы 15 тамыз күні Қарағанды облысы Нұра ауданында дүниеге келген.

Үлкен ағасы Тұрысбек революцияға белсене араласып, Ақмола уездік Кеңестің басшысы болған. Кәрімнің кейін агрономдықты таңдап, үлкен азамат болып қалыптасуына осы ағасының көп әсері тиген.

Жастайынын табиғатты сүйіп өскен Кәрім поэзияға, жалпы өнер атаулыға қабілетті болыпты. Абай мен Гейненің өлеңдерін жатқа айтатын ол өзі де өлең жазумен айналысқан екен. Сәкен Сейфуллиннің жұбайы Гүлбахрам Мыңбаевтар отбасының жақын туысы болатын. Кәрімнің поэзияға құштарлығын байқаған Сәкен Сейфуллин «Өлең жазу кәсіп емес, ол өнер. Егер жаныңды өлең тербеп тұрса қандай мамандықты иеленсең де өлең жазасың», -

деп ауылшаруашылығы маманы болуға кеңес береді. Сөйтіп, ол 1928 жылы қазақ зиялылары көп қоныстанған қалалардың бірі Ташкентке барып, Орта Азия мақта-ирригациялық политехникалық институтының жаңа техникалық дақылдар факультетіне оқуға түседі.

Жастайынан жаңалыққа құштар болып өскен Кәрімнің бұл факультетті таңдауы, әрине, кездейсоқ емес. Түбінде Қазақстан үшін жер суландыруды дамыту арқылы, жаңа дақылдарды кеңінен өсірудің маңызын ол ерте түсінген. Өйткені ірі тұлғалардың өмір жолына шолу жасау барысында олардың өсуі белгілі бір заңдылықтар бойынша жүзеге асып отырғанын байқайсың. Табиғат – ана осындай тұлғаларға сан қырлы өнерді үйіп-төгіп қана қоймай, оларға оң бағытты «сыбырлап» отыратын да сияқты. Қалай десек те осы институтта алған білім Мыңбаевты Қазақстанның ауылшаруашылығы мен ғылымына үлкен бетбұрыс жасайтын қайраткер есебінде қалыптасуына мүмкіндік берді. Сонау 30-шы жылдары каучук мәселесі өте күрделі әрі қажет те еді. Алатаудың етегінде өсетін көк-сағыз каучукке өте бай өсімдік болғандықтан соны зерттеуді қолға алып, жиырма жеті жасар жас ғалым каучукты өсімдіктердің білгір маманына айналады. Тіпті, Одақтағы ең үлкен каучук өсіретін шаруашылықтардың біріне техникалық директор болып сайланады. Кейін білімін жетілдіру мақсатында жас ғалым Бүкілодақтық Өсімдіктану институтының (ВИР) аспирантурасына түседі.

Енді көк-сағыз егістіктері Ленинградтың маңына да кеңінен таралып, ғалымның «Көк-сағыздың табиғатын жақсартудың негізгі жолдары» деген ғылыми еңбегінің негізіне айналады. Жас та жігерлі маман ленинградтық ғалымдардың көңілінен шығып, аспирантураны табысты бітірген соң сол институттың каучукты өсімдіктер бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады.

1942 жылы Алматыға келген Кәрім Мыңбайұлы Мемлекеттік Жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Мемлекеттік жұмыспен бірге ғылыми жұмысты қатар дамытқан ол 1944 жылы докторлық диссертация қорғайды. Сол жылы Мәскеуде Бас штабтың академиялық курсына оқып жүрген Бауыржан Момышұлымен танысады. «Екі жақсы қосылса, бірін бірі қия алмас», - деген сөз осы ағаларымызға арнап айтылған сияқты. Бірі қазақтың үлкен ғалымы, бірі үлкен әскери қолбасшы, әдебиет пен өнерді ортақ тақырып етіп талай күндерді бірге өткізген екен...

Сөйтіп, отыз сегіз жастағы Кәрім Мыңбаев қазақтан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы болады. Сол жылы ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы Президиумының төрағасы болып сайланады. Егер Қаныш Сәтпаев қазба байлықтарын зерттеп, геология саласын дамытқан үлкен қайраткер екенін бәріміз мойындасақ, ауыл шаруашылық саласында Кәрім Мыңбаев дәл сондай рол атқарған.

Мыңбаевтың еңбектеріне шолу жасау барысында ол кісі араласпаған ауылшаруашылығының саласы болмағанын байқайсың. Ауыл шаруашылығы мамандарымен кездесулерге әртүрлі дақылдарды өсірудің озық тәсілдерін

ұсынып насихаттап отырған. Қазақстанда селекция ғылымын дамыту туралы мәселелерді алға тартып, сорттың және сапалы тұқымның маңызын ашады. Қазірдің өзінде Қазақстан ғалымдары шешпеген солтүстік облыстарға арналған күздік бидайдың қыстың қатал жағдайларына төзімді, жоғары, өнімді сорттарын шығару мәселесін көтерген.

Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланған Кәрім Мыңбайұлы мемлекет, қоғам қайраткері, халық қалаулысы ретінде де биіктен көрінген. Осындай сан салалы еңбегі лайықты бағасын алып, ол 1946 жылы жаңадан құрылған Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланады.

Кәрім Мыңбаев жарыққа шыққанын өзі көре алмаған «Бетпақдала шөлі» атты монографиясында оның басты арманы жазылған, әрі жазушылық дарыны ашылып, азаматтығы айқындалған. Көрінісі көз талдыратын қазақтың жазық даласын көрген кез-келген жан осыншама ұлан-ғайыр кең даланың әлі толық игерілмей жатқанын көріп, осының бәрі іске асырылса ғой деп армандайтыны сөзсіз. Бұл арман әсіресе қазақ сахарасын сүйіп, сонымен бірге қатал табиғатын көріп өскен ғалым көкірегінде ерекше лаулаған еді. Қазақ даласы ежелден орыс саяхатшылары мен ғалымдарының зерттеу объектісіне айналып, ол туралы біршама мағлұматтар жиналып қалса да Мойынқұм, Сарыарқа, Бетпақдала секілді шөлді аймақтар әлі толық зерттелмей жатқан-ды. Оның үстіне бұл даланың ауыл шаруашылығына жарамсыз, суы тапшы деген жалпы пікір де қалыптасқан еді.

Осы мәселені зерттеу үшін Кәрім Мыңбайұлы Бетпақдала шөлінде экспедиция ұйымдастырады. Үлкен іс басында тұрып, қуанғанын да жасырмай «Халық шаруашылығы үшін өлі шөлдалада тіршілікті жандандыру туралы ондаған жылдар арман еткен адамның көңіл-күйін көз алдымызға елестетіп көріңізші!» деп тебірене жазады.

Экспедицияны үлкен дайындықпен бастаған ғалымдар Орталық Қазақстанның бос жатқан территориясын 300 мың шаршы километр деп белгілеп, оны өзара тығыз байланысқан Мойынқұм, Сарыарқа және Бетпақдала деп үш аймаққа бөледі. Топырақ және өсімдік құрамын, жануарларын жан-жақты зерттеп, бай мағлұмат жинайды. «Біздің ойымызша Қазақстан шөлдерін, соның ішінде Бетпақдаланы игеру алдымен ауылшаруашылығы бағытында жүруі керек (мал шаруашылығы және егіншілік). Әсіресе, бұған қазақ халқының Бетпақдала шөлін мал шаруашылығына пайдалану тәжірибесі негіз бола алады» деуі осыны аңғартса керек.

Бұрын Бетпақдалада су жоқ деген пікірді жоққа шығарып, онда 3-6 және 7-9 м. тереңдікте пайдалануға жарамды жер асты сулардың мол екенін жазады. Ол Бетпақдаланың болашағына үлкен сенім артып, «Егер дала және ормандала бүгінгі күннің астығын берсе, Бетпақдалада ертеңгі күннің астығы жатыр» деген аса батыл ой айтады. Ол үшін суландыру жүйесін дамытып, Балқаш көлін Ертіс және Шу өзендерімен қосатын канал салу секілді бірқатар ұсыныстар да айтқан.

Алайда 1948 жылы дарынды ғалым қайраткер ұшақ апатынан қайтыс болып, көп армандарын өзімен бірге алып кетті. Егер тағдыр оған ұзақ ғұмыр сыйлағанда осының бәрін жүзеге асырып, қазақ даласын бұдан да көркейте түсер ме еді деп ойлайсың.

Кәрім Мыңбайұлының руы – Арғын, оның ішінде Қарпық, оның ішінде Көзей, оның ішінде Тоқа, оның ішінде Құлымбет, оның ішінде Бапай, оның ішінде – Медет.

Медеттен – Хангелді, Базаргелді, Өтел, Жазыбай.

Базаргелдіден – Бөрте, Бұлқын.

Бөртеден – Қыдырәлі.

Қыдырәліден – Мыңбай.

Мыңбайдан – Тұрысбек, Серік, Кәрім.

Тұрысбектен – Хамзе, Нұртаза, Қали, Жұмабек.

Серіктен – Әуесхан.

Кәрімнен – Жапар, Тимур, Сарын.

Мыңбаев Жапар Кәрімұлы – атақты ғалым.

Мыңбаев Тимур Кәрімұлы – атақты дирижер.

## **КАРИМ МЫНБАЕВ**

Карим Мынбаев (15 августа 1906, село Ивановка (ныне Карим Мынбаев) Нуринаского района Карагандинской области - 30 сентября 1948, Алматы) - общественный деятель, учёный, доктор биологических наук (1944), член-корреспондент Академии наук Казахской ССР (1946).

Окончил Среднеазиатский хлопководческий институт (1932). В 1932-36 работал на научно-педагогической работе в Казахском сельскохозяйственном институте и Алматинской селекционной станции. В 1936-1942 годах он был аспирантом Всесоюзного научно-исследовательского института растениеводства (Ленинград), защитил кандидатскую диссертацию под руководством академика Н. И. Вавилова и был назначен заведующим отделом резиновых растений того же института.

В 1942-1944 годах он был заместителем председателя Планового комитета Казахской ССР, с 1944 года и до конца жизни - председателем Казахского отделения Восточного отделения Всесоюзной сельскохозяйственной академии (ВАШНИЛ), он возглавлял кафедру селекции растений и генетики Казахского сельскохозяйственного института, а также кафедру дарвинизма в КазМУ. Также под его руководством организовано опытное поле в Жамбылском районе Алматинской области и сельскохозяйственная опытная станция в Шортане Акмолинской области.

Основные научные работы посвящены генетике и селекции растений. Мынбаев изучил биологические особенности голубой камедь и нашел способы

ее сортировки. Доказано, что с целью повышения урожайности зерновых, в том числе пшеницы, ее можно сеять не только на орошаемых, но и посевных площадях Южно- и Восточно-Казахстанской областей. Также Мынбаев считается первым ученым в Казахстане, научно описавшим сахарную свеклу и коноплю с точки зрения биологической селекции.

В XX веке, когда формировалась наука Казахстана и рос национальный научный коллектив, он был первым казахстанским доктором биологических наук, поразившим многих своими темными способностями. Будущий учёный родился 15 августа 1906 года в Нуринском районе Карагандинской области.

Его старший брат Турусбек принимал активное участие в революции и был главой Акмолинского райсовета. Позже Карим выбрал агрономию и стал выдающимся гражданином благодаря влиянию своего брата.

Карим, с юности выросший на любви к природе, был способен к поэзии и искусству в целом. Он читал наизусть стихи Абая и Гейне, а также занимался сочинением стихов. Жена Сакена Сейфуллина Гульбахрам была близкой родственницей семьи Мынбаевых. Сакен Сейфуллин, заметивший страсть Карима к поэзии, сказал: «Писать стихи – это не профессия, это искусство. Если твоя душа наполнена поэзией, не важно, какая у тебя профессия, ты будешь писать стихи», - советует он стать специалистом по сельскому хозяйству. Так, в 1928 году он поехал в Ташкент, один из городов с большим населением казахской интеллигенции, и поступил в Среднеазиатский хлопко-ирригационный политехнический институт, чтобы учиться на факультете новых технических культур.

Выбор Каримом этого факультета был, конечно, не случаен. Фактически, он рано понял важность широкого выращивания новых сельскохозяйственных культур для Казахстана посредством развития ирригации. Потому что, рассматривая жизненный путь великих людей, вы заметите, что их рост осуществляется по определенным законам. Кажется, что матушка-природа не только вешает таким людям многогранное искусство, но и «шепчет» им в положительном направлении.

В любом случае, образование, полученное в этом институте, позволило Мынбаеву стать фигурой, которая совершит большой перелом в сельском хозяйстве и науке Казахстана. Еще в 30-е годы проблема резины была очень сложной и необходимой. Голубая камедь, растущая в предгорьях Алатау, — растение, богатое каучуком, поэтому двадцатисемилетний молодой ученый начинает ее изучать, становится знатоком каучуковых растений и даже избирается техническим директором одного из них из крупнейших каучуковых ферм в Союзе. Позже, чтобы совершенствовать свои знания, молодой учёный поступает в аспирантуру Всесоюзного института растениеводства (ВИР).

Сейчас месторождения голубого камеди широко распространены в окрестностях Ленинграда и легли в основу научной работы учёного «Основные пути улучшения природы голубого камеди». Молодой и энергичный специалист

понравился ленинградским ученым и после успешного окончания аспирантуры был назначен заведующим отделом каучуковых растений этого института.

Карим Мынбайулы, приехавший в Алматы в 1942 году, был назначен заместителем председателя Госплана. В 1944 году он защитил докторскую диссертацию, развивая научную деятельность наряду с государственной работой. В этом же году он познакомился с Бауржаном Момышулы, который учился на академическом курсе Генерального штаба в Москве. Кажется, именно к этим братьям и предназначена поговорка «Если двое хорошо соединены, один не сможет уничтожить другого». Один – великий казахский учёный, другой – великий полководец, они провели вместе много дней, литература и искусство были общей темой.

Таким образом, тридцативосьмилетний Карим Мынбаев станет первым казахстанским доктором биологических наук. В том же году он был избран председателем Президиума Казахского отделения ВАШНИЛ. Если мы все признаем, что Каныш Сатпаев – великий деятель, изучавший минеральные ресурсы и развивавший область геологии, Карим Мынбаев сыграл такую же роль в сфере сельского хозяйства.

Рассматривая труды Мынбаева, можно заметить, что не было такой области сельского хозяйства, в которой бы он не участвовал. На встречах со специалистами сельского хозяйства он предлагал и пропагандировал передовые методы выращивания различных сельскохозяйственных культур. Освещены вопросы развития селекционной науки в Казахстане и раскрыта важность сортов и качества семян. Уже сейчас перед учеными Казахстана поставлена проблема создания высокоурожайных сортов зимой пшеницы для северных регионов, устойчивых к суровым зимним условиям.

Карим Мынбайулы, избранный депутатом Верховного Совета Казахской ССР, воспринимался с высоты как государственный, общественный деятель, любимец народа. В 1946 году он был избран членом-корреспондентом Академии наук Казахской ССР.

В его монографии «Пустыня Бетпақдала», которую Карим Мынбаев так и не увидел опубликованной, была написана его главная мечта, раскрыт писательский талант и определено гражданство. Тот, кто видел захватывающий вид на равнины Казахской равнины, видит, что такое обширное и обширное поле еще не до конца освоено, и мечтает, чтобы все это можно было воплотить в жизнь. Эта мечта особенно горела в сердце ученого, выросшего в любви к казахской Сахаре и видя ее суровую природу.

Казахская степь издавна является объектом исследования русских путешественников и ученых, и хотя некоторые сведения о ней собраны, такие пустынные территории, как Мойынкум, Сарыарка, Бетпақдала, до сих пор не исследованы полностью. Более того, существовало общее мнение, что это поле непригодно для сельского хозяйства и лишено воды.

Карим Мынбайулы организует экспедицию в пустыню Бетпакдала для изучения этого вопроса. «Представьте себе настроение человека, десятилетиями мечтающего о возрождении жизни в мертвой пустыне ради народного хозяйства!» он пишет нервно.

Ученые, приступившие к экспедиции с большой подготовкой, определили пустующую территорию Центрального Казахстана в 300 тысяч квадратных километров и разделили ее на три тесно связанных региона: Мойынкум, Сарыарка и Бетпакдала. Он всесторонне изучает состав почвы и растений, животных, собирает богатую информацию. «На наш взгляд, освоение пустынь Казахстана, в том числе Бетпакдалы, должно идти в первую очередь по направлению сельского хозяйства (скотоводства и земледелия). В частности, основой для этого может стать опыт казахского народа по использованию пустыни Бетпакдала для животноводства.

Опровергая мнение, что в Бетпакдале нет воды, есть 3-6 и 7-9 м. Написано, что подземных вод, пригодных для использования на глубине, много. Он очень уверен в будущем Бетпакдалы и очень смело заявляет: «Если степь и лес дают сегодняшнее зерно, то Бетпакдала имеет зерно завтрашнего дня». Для этого он внес ряд предложений, таких как развитие ирригационной системы и строительство канала, соединяющего озеро Балхаш с реками Иртыш и Шу.

Однако в 1948 году талантливый учёный погиб в авиакатастрофе, унеся с собой многие свои мечты. Если бы судьба подарила ему долгую жизнь, интересно, осуществил бы он все это и еще больше украсил бы казахскую степь.

Род Карима Мынбайулы – это Аргын, включая Карпыка, включая Гозей, включая Току, включая Кулымбет, включая Бапай, включая Медета.

От Медета - Хангель, Базаргель, Отель, Жазыбай.

От Базаргельды – Бортэ, Булкын.

От Борте – Кыдырали.

От Кыдырали – Мынбай.

От Мынбая – Турусбек, Серик, Карим.

От Турусбека - Хамзе, Нуртаза, Кали, Жумабек.

Партнер - Ауэсхан.

От Карима - Джапар, Тимур, Сарын.

Мынбаев Жапар Каримулы – известный учёный.

Мынбаев Тимур Каримулы – известный дирижер.





OPPO Reno4 Lite · © Я люблю тебя ЖИЗНЬ ❤️  
2021/04/09 11:20